

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

ШИФР-МАМАНДЫҚ		5B011700 – «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ		<ul style="list-style-type: none"> – жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру; – экологиялық, дене мәдениетін, этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру; - жалпы тіл білімі мен әдебиеттің қазіргі тұжырымдамалары мен жетістіктерін, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселесін терең меңгеру; – кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, білік және дағдыны қалыптастыру.
БІЛІКТІЛІК СИПАТЫ	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ САЛАЛАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> – білім беру қызметі; – эксперименттік-зерттеу қызметі; – ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет; – әлеуметтік-педагогикалық қызмет; – оқу-тәрбие қызметі; – оқу-техникалық қызмет; – ақпараттық қызмет.
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНДАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> – білім беру қызметі – жалпы білім беретін орта мектеп, лицей, гимназиялар; – ғылыми-зерттеу қызметі - ғылыми-зерттеу мекемелердегі кіші ғылыми қызметкер; – әдеби-шығармашылық қызмет - әдебиет, мәдениет мекемелерінде, баспаларда; – ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет - мамандыққа тікелей қатысы бар орта мектептерде, гимназияларда, лицейлер мен колледждерде; – өндірістік-басқарушылық қызмет - мемлекеттік органдардың іс қағаздарын жүргізу және құжаттау, түрлі кәсіпорындардың бөлімдерінде; – әдеби кеңесші.
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПӘНІ	<ul style="list-style-type: none"> – қазақ тілі мен әдебиеті, ұлттық руханият, имандылық пен адамгершілік тәрбиесі, ізгілендіру, қоғамның жоғары саналы азаматын қалыптастыру мәселелері.
БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ		<p>Әдебиеттану</p> <p>Тіл білімі</p>
ТРАЕКТОРИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ		<ul style="list-style-type: none"> – орта және кәсіптік білім беру мекемелерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі ретінде білім беру қызметін атқару; – әдебиеттану саласында, әдеби сын мен талдау, журналистика, суырып салма және шығармашылық, бұқаралық ақпарат саласында зерттеу қызметін жүргізу; – ғылым, аударматану, іс жүргізу, баспа ісі саласында аналитикалық қызмет қалыптастыру.

«ӘДЕБИЕТТАНУ» ТРАЕКТОРИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ	БІЛУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – әдебиеттанудың ғылым ретінде мақсаты мен міндеттері; – әдебиет теориясының негізгі ұғымдары; – қазақ әдебиетінің қазіргі жағдайы, оның ғылымның басқа салаларымен өзара байланысы.
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – ғылыми-әдістемелік әдебиетті зерделеу; – теориялық-әдеби білімдеріне негізделе отырып, әдеби құбылыстарға талдау жасау; – болашақ мамандығының әлеуметтік мәні мен маңызын ұғыну.
	ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – әдеби сын мен талдау; – публицистикалық жанр мәтіндерін құрастыру және талдау; – ұлттық және әлемдік әдебиеттің даму жолдарын, кезеңдерін, көркемдік-эстетикалық мәселелерін түсіну.
«ТІЛ БІЛІМІ» ТРАЕКТОРИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ	БІЛУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – тіл білімінің ғылым ретінде мақсаты мен міндеттері; – негізгі лингвистикалық категориялар; – ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері; – тіл білімінің тарихи дамуының негізгі кезеңдері және қазіргі жағдайы.
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – теориялық материалдан хабардар болу және алған білімдерін өз практикалық қызметінде қолдану; – ғылыми зерттеуді өз бетімен жүргізу; – оқу, ғылыми-зерттеу және кәсіби міндеттерді шешу үшін негізгі лингвистикалық категориялар мен ұғымдарды игергендігін көрсету.
	ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> – мәтінге лингвистикалық талдау жасау; – түрлі жанрдағы мәтіндерді редакциялау; – жалпы тіл білімінің жетістіктері мен қазіргі ғылыми тұжырымдамалары туралы ақпарат жинау.